

(жоспардан тыс) Педагогикалық кеңестің № 1 хаттамасы

Өткізу күні: 05.01.2025 жыл

Қатысқандар саны: 21

Қатыспаған: 0

Тақырыбы: «Айгөлек» бөбекжай- балабақшасы» МКҚК өзін - өзі аттестаттау.

Мақсаты: Білім беру мекемесінің оқыту және тәрбиелеу сапасын жоғарылату бойынша қызметке объективті талдау беру және бағалау.

Күн тәртібі:

2022-2025 жылғы жұмысы кезеңінде мектепке дейінгі ұйымның қызметіне толық талдау өткізу (меңгеруші М.С.Кужакова)

Балабақша өзін- өзі аттестаттаудан өту үшін аттестаттау комиссиясын бекіту (меңгеруші М.С.Кужакова)

Педагогикалық кеңестің барысы:

Бірінші сұрақ бойынша меңгеруші М.С.Кужакова сөз сөйледі. Ол мекеменің аттестациядан өту уақыты 2025 жылдың наурыз айы деді.

Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығымен таныстырды.

2022-2025 жылдар аралығында мектепке дейінгі ұйымның барлық бағыттары бойынша жұмыс жүйесін бағалау және өзін- өзі аттестаттауды өткізу үшін комиссия құруды ұсынды.

Комиссия төрайымы: - Кужакова М.С. - меңгеруші

Комиссия мүшелері: - Иралимова Б.К. – әдіскер, педагог - сарапшы
- Татарчук И.В. – тәрбиеші, педагог - сарапшы
- Бактыгреева В.К. – тәрбиеші, педагог - сарапшы
- Нуркаева Д.А. – тәрбиеші, педагог – модератор, кәсіподақ төрайымы
- Есеркепова Ж.Т. – педагог –психолог, педагог – модератор
- Губенкова С.А. - шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары

Комиссия төрайымы мектепке дейінгі білім беру қызметін өзін - өзі бағалауын жалпы жоспарлай отырып, оған басшылықты жүзеге асырды.

Төрайым М.С.Кужакова бағалау өлшем шарттарына сәйкес мектепке дейінгі ұйымын өзін өзі бағалауын жүргізу бойынша, нақты тапсырмаларды комиссия мүшелеріне бөлді.

Шешімі:

Білім беру мекемесінің оқыту сапасын жоғарылату бойынша қызметіне объективті талдау беру және бағалау мақсатында :

2025 жылдың 5 қаңтарынан бастап 30 қаңтар аралығында «Ақтөбе облысының білім басқармасы Қарғалы ауданының білім бөлімі» ММ «Айгөлек» бөбекжай- балабақшасы» МКҚК өзін - өзі бағалауы өткізілсін, ұйым бойынша өзін - өзі аттестаттаудан өту туралы бұйрық шығарылсын.

Өзін-өзі бағалау комиссиясы бекітілсін:

Комиссия төрайымы: меңгеруші М.С.Кужакова

Комиссия мүшелері: - Иралимова Б.К. – әдіскер, педагог – сарапшы (оқу жоспары, пед. кадр және контингент мәліметтеріне жауапты)
- Татарчук И.В. – тәрбиеші, педагог - сарапшы (перспективалық жоспар, циклограмма құжаттарына жауапты)
- Бактыгреева В.К. – тәрбиеші, педагог - сарапшы (мониторинг, жеке даму карталары құжаттарына жауапты)

- Нуркаева Д.А. – тәрбиеші, педагог – модератор, кәсіподақ төрайымы (ақпараттық ресурс, кітапхана қорына жауапты)
- Есеркепова Ж.Т. – педагог – психолог, педагог – модератор (ерекше балалардың құжаттарына жауапты)
- Губенкова С.А. - шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары (балабақшаның материалдық базасының құжаттарына жауапты)

Педкеңес төрайымы:

Хатшы:



М.С.Кужакова

З.А.Тлепова